

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Есмағамбетова А.С., Смағұл М.А., Агажаева Г.О.

**МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДА ҚОЛ ГИГИЕНАСЫН  
БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**  
(әдістемелік ұсынымдар)

Астана қ.  
2024 жыл

**ӘОЖ**  
**КБЖ**

**Бекітілді:** «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК Ғылыми кеңесінің 2024 жылғы 05 қарашадағы отырысының №4 хаттамасымен.

**Рецензенттер:**

1. Нугманова Ж.С, м.ғ.д., С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің профессоры;
2. Бекенов Ж.Е. - м.ғ.д., профессор, ҚР ДСМ «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК жұқпалы аурулардың алдын алу департаментінің бас маманы.

**Авторлары:**

Есмағамбетова А.С. – MBA, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Басқарма төрағасы;

Смағұл М.А. – МРН, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Басқарма төрағасының орынбасары;

Агажаева Г.О. – қоғамдық денсаулық сақтау магистрі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас маманы.

Медициналық ұйымдарда қол гигиенасын бағалау жөніндегі нұсқаулық:  
Әдістемелік ұсынымдар /Есмағамбетова А.С., Смағұл М.А., Агажаева Г.О.//  
Астана: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы», 2024. – 34 б.

**ISBN**

Әдістемелік ұсынымдар ИАИБ бойынша ұлттық нұсқаулықтың мультимодальды тәсілді қолдана отырып, қол гигиенасын бағалау, енгізу және оған мониторинг жүргізу тұрғысынан алғанда медициналық ұйымдарда қол гигиенасы бойынша бөлімді кеңейтеді және Қазақстан Республикасының медицина ұйымдарында қолдануға ұсынылады. Бұл ұсынымдар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Ауруларды бақылау және алдын алу орталықтарының ғылыми негізделген деректерімен және ұсынымдарымен сәйкес келеді.

## Мазмұны

Қысқартулар, шартты белгілер, символдар тізбесі.....	4
Әдістемелік ұсынымдарда пайдаланылатын ұғымдар.....	5
I тарау. Кіріспе.....	6
1.1. МКБИ-ді азайту бойынша шара ретінде қол гигиенасын сақтау рөлінің өзектілігі.....	6
1.2. Нұсқаулықтың қолданылу мақсаты, саласы, нысаналы аудиториясы.....	6
II тарау. Қол гигиенасын жақсарту бойынша ДДҰ-ның мультимодальды стратегиясы.....	7
2.1. Медициналық ұйымдарда қол гигиенасын ілгерілету бойынша ДДҰ-ның басқарушылық қағидаттарының стратегиялары.....	7
2.2. Денсаулық сақтау мекемелерінің деңгейінде қол гигиенасын ілгерілетуге және енгізуге арналған негізгі қадамдар.....	8
III тарау. Қол гигиенасын өзін-өзі бағалау жүйесінің және оны сақтауды ілгерілету бойынша шаралар қабылдаудың практикалық құралдары.....	9
3.1. Медициналық ұйымдарда қол гигиенасын өзін-өзі бағалау жүйесінің құралы.....	9
3.2 Қол гигиенасын жақсарту бойынша ДДҰ-ның мультимодальды стратегиясын енгізуге арналған Іс-қимыл жоспарының жалпы шаблону..	11
IV тарау. Қорытынды.....	12
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	13
1-қосымша - Медициналық ұйымдарда қол гигиенасын өзін-өзі бағалау жүйесінің құралы.....	14
2-қосымша - Қол гигиенасын өзін-өзі бағалау жүйесінің кезеңдері.....	24
3-қосымша - Медициналық ұйымдарда қол гигиенасын өзін-өзі бағалау шеңберінде көшбасшылық өлшемшарттары.....	25
4-қосымша - Қол гигиенасын жақсарту бойынша ДДҰ-ның мультимодальды стратегиясын енгізуге арналған іс-қимыл жоспарының жалпы шаблону.....	27

## Қысқартулар, шартты белгілер, символдар тізбесі

**Әкімшілік** - денсаулық сақтау ұйымының әкімшілігі

**ДДҰ** – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы

**МКБИ** – медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар

**ИБК** – инфекциялық бақылау жөніндегі комиссия (комитет)

**МҰ** – медициналық ұйым

**ҚТБ** – қарқынды терапия бөлімдері

**ИАИБ** – инфекциялардың алдын алу және инфекциялық бақылау

**ҚР** – Қазақстан Республикасы

**MRSA** - метициллин-резистентті *Staphylococcus aureus*

## **Әдістемелік ұсынымдарда пайдаланылатын ұғымдар**

**Қол гигиенасы** - ластануларды, органикалық материалдарды немесе микроорганизмдерді физикалық немесе механикалық жою арқылы қолды тазалауға байланысты кез келген іс-әрекет.

**Медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекция (МКБИ)** – бұл пациентте медициналық көмек көрсету нәтижесінде пайда болатын инфекция.

**Үйлестіруші** - үйлестіруші ретінде немесе іс-шараға немесе бағдарламаға қатысты ақпарат үйлестірушісі ретінде болатын адам.

**Әдістемелік ұсынымдар** – алдыңғы зерттеулердің оң тәжірибесі мен нәтижелері негізінде әзірленген, белгілі бір қызмет түріне/зерттелетін білім саласына қатысты іс-қимылдың анағұрлым тиімді, ұтымды нұсқаларын (әдістерін, алгоритмдерін, үлгілерін) ұсынатын ғылыми-медициналық әзірлеме.

**ҚР ДСМ** - Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың айналымы, медициналық қызметтер көрсету (көмек) сапасы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

**Мониторинг:** қадағалау, ағылшын тілінде Monitoring – нақты нәтижеге сәйкестігін бағалау үшін белгілі бір процесті тұрақты байқау.

**Жауапты тұлға** - үйлестірушінің немесе іс-шараға немесе бағдарламаға қатысты ақпарат үйлестірушісінің функцияларын атқаратын адам.

**Пациент** - медициналық көмек көрсетуді қажет ететін аурудың немесе жай-күйдің болуына немесе болмауына қарамастан, медициналық қызметтерді тұтынушы болып табылатын (табылған) жеке тұлға.

## **I тарау. КІРІСПЕ**

### **1.1. МКБИ-ді азайту бойынша шара ретінде қол гигиенасын сақтау рөлінің өзектілігі**

Медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялар (МКБИ) жаһандық проблема болып отыр. Халықаралық медициналық қауымдастықтың олардың таралуын азайтуға және қызмет көрсету сапасын жақсартуға күш салуына қарамастан, МКБИ пациенттердің, медицина қызметкерлерінің және медициналық мекемелерге келушілердің қауіпсіздігіне кері әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып қала береді. Пациенттердің қауіпсіздігі - денсаулық сақтаудың негізі болатын, ал МКБИ-дің алдын алу дүниежүзілік денсаулық сақтау саласының басымдығы болып қала беретін кезде МКБИ қауіпсіз және сенімді медициналық көмек ұғымының өзіне қауіп төндіреді.

ДДҰ деректері бойынша, кез келген уақытта 1,4 миллионға жуық адам МКБИ-ден зардап шегеді. Дамыған елдерге қарағанда, дамушы елдердегі қауіп-қатер 20 есе жоғары болуы мүмкін. Дүние жүзіндегі әрбір он пациенттің біреуі медициналық көмек алу кезінде инфекциядан зардап шегеді. Жаңа туылған нәрестелер өлімінің үштен екі жағдайына МКБИ себеп болып отыр<sup>1</sup>.

2023 жылы Қазақстанда медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялардың бір уақытта таралуын зерттеу нәтижелері бойынша емдеуге жатқызылған пациенттердің арасында МКБИ-дің таралуы 3%, ал қауіпсіз жоғары бөлімшелерде таралу 9,1% құрады.

Қол гигиенасы – бұл медициналық мекемелердегі инфекциялық қауіпсіздіктің негізі. Қарапайым, бірақ маңызды қағидаларды сақтау пациенттер мен қызметкерлердің денсаулығын сақтауға, сондай-ақ медициналық көмек көрсету деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Қол гигиенасы инфекциялардың таралуын азайтады және барлық медициналық көмек көрсету деңгейінде пациенттердің қауіпсіздігін арттырады. Қол гигиенасы үшін орындалатын іс-әрекеттер қарапайым болғанымен, оларды медицина қызметкерлері тарапынан орындамау дүниежүзілік проблема болып қала береді. Дүние жүзіндегі көптеген МҰ-ның тексерілген әдістемелері бар және осы саладағы оқу бағдарламаларын үнемі жүзеге асырады. Дегенмен ұзақ мерзімді жақсартуларға әлі де қол жеткізілген жоқ. Бұл көптеген шектеуші факторларға, әсіресе қол гигиенасын жақсарту мәселесімен айналысуға қажет болатын инфрақұрылымдық ресурстарға, сонымен қатар адами факторларға да байланысты<sup>1</sup>.

### **1.2. Нұсқаулықтың қолданылу мақсаты, саласы, нысаналы аудиториясы**

Бұл әдістемелік ұсынымдар практикалық денсаулық сақтау саласының басшылары мен медицина қызметкерлеріне, госпитальдық эпидемиологтарға, гигиенисттерге, СЭБК аумақтық бөлімшелерінің, дезинфекциялық бөлімдердің мамандарына, қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау менеджерлеріне,

медициналық жоғары оқу орындарының, колледждердің оқытушыларына және медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекция (МКБИ) проблемасымен айналыстын барлық қызығушылық танытатын мамандарға арналған.

Әдістемелік ұсынымдар медициналық ұйымның қол гигиенасын өзін-өзі бағалау жүйесін және жекелеген медициналық мекемедегі қол гигиенасын ілгерілету мен оның практикасына жағдаяттық талдау жүргізуге болатын жүйелік құралын сипаттайды. Медициналық ұйымда Нұсқалықты енгізу қолда бар ресурстарды және жетістіктерді бағалауға мүмкіндік береді және болашақтағы жоспарлар мен міндеттерге назар аударуға көмектеседі. Атап айтқанда, ол көңіл бөлуді және жақсартуды қажет ететін негізгі мәселелерді анықтайтын диагностикалық құрал ретінде әрекет етеді. Нәтижелер мекемедегі қол гигиенасын жақсарту бағдарламасына арналған іс-қимыл жоспарын әзірлеуге көмектесу үшін пайдаланылуы мүмкін. Қол гигиенасын өзін-өзі бағалауды қайталап пайдалану уақыт өте келе прогресті құжаттауға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, нұсқаулықты енгізу медициналық мекемедегі қол гигиенасы кешенді бағдарламасының енгізілуін және оны қолдауды жақсартуы және жеделдетуі тиіс.

Нұсқаулық инфекцияның берілу қаупін төмендететін, медициналық ұйымдардағы бұрқ етулермен күреске ықпал ететін қол гигиенасын сақтау бойынша мониторинг жүргізудің тиімді құралдарын қолданудың құрылымды, толық, модальды және мультипәндік тәсілін ұсынады. Әдістемелік ұсынымдар ИАИБ бойынша ұлттық нұсқаулықтың медициналық мекемедегі қол гигиенасы практикасын және оған байланысты түсініктер мен білімді бағалау тұрғысынан алғандағы қол гигиенасы жөніндегі бөлімді кеңейтеді және қол гигиенасын жақсарту стратегиясының маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Үздіксіз мониторинг жүргізу қол гигиенасын енгізумен байланысты өзгерістерді өлшеу және денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлердің қол гигиенасы практикасын, түсініктері мен білімін жақсартудағы араласу тиімділігін қамтамасыз ету үшін өте пайдалы. Ұсынымдар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Ауруларды бақылау және алдын алу орталықтарының ғылыми дәлелденген деректерімен және ұсынымдарымен сәйкес келеді.

## **II тарау. Қол гигиенасын жақсарту бойынша ДДҰ-ның мультимодальды стратегиясы**

### **2.1. Медициналық ұйымдарда қол гигиенасын ілгерілету бойынша ДДҰ-ның басқарушылық қағидаттарының стратегиялары**

Денсаулық сақтау саласында ДДҰ-ның қол гигиенасы бойынша басқарушылық қағидаттары ұсынылатын сәтте қол гигиенасын сақтауды оңтайландыру және пациенттердің қауіпсіздігін жақсарту үшін жекелеген медицина қызметкерлерінің мінез-құлқын өзгерту түпкілікті мақсатты көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін практика жүргізетін дәрігерлердің басқарушылық

қағидаттар мен оларды қолдану туралы білуіне кепілдік бере алатын ойдағыдай тарату және енгізу стратегиясы қажет<sup>2</sup>.

ДДҰ-ның қол гигиенасын жақсарту бойынша мультимодальды стратегиясы әрбір компоненттің енгізілуіне ықпал етуі үшін әзірленген бірқатар құралдарды енгізу жөніндегі нұсқаулықтан тұрады. Енгізу жөніндегі нұсқаулық ДДҰ-ның денсаулық сақтау саласында қол гигиенасы бойынша басқарушылық қағидаттарымен бірге жүреді және медициналық мекемедегі қол гигиенасын жақсартуға ықпал ету процесін сипаттайды. Енгізу стратегиясы енгізу ғылымы, мінез-құлықты өзгерту, таралу әдістемесі, инновацияларды тарату және әсерді бағалау жөніндегі әдебиеттер негізінде әзірленді. Ол параллель түрде енгізілуі тиіс бес құрамдас бөліктен тұратын мультимодальды стратегияға негізделген; енгізу стратегиясының өзі оның дәлдігіне нұқсан келтірмейтіндей бейімдеу үшін әзірленген және сондықтан да оны тек жаңа орындарда ғана емес, сонымен қатар гигиеналық шаралары бұрыннан бар мекемелерде де қолдануға арналған. Негізгі бес элемент: пациенттерге көмек көрсетілетін орында қолға арналған, құрамында спирті бар құралдардың қолжетімді болуын және/немесе сумен қамтамасыз етудің, сабын мен сүлгінің қауіпсіз, үздіксіз қолжетімді болуын қосқанда, жүйенің өзгеруі; медицина қызметкерлерін оқыту және ағарту; қол гигиенасы практикасын мониторингілеу және нәтижелер бойынша кері байланыс; жұмыс орнындағы еске салғыштар; жекелеген медицина қызметкерлерінің де, сонымен қатар аурухана басшыларының да қатысуымен қол гигиенасының қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру. Жергілікті ресурстарға және мәдениетке байланысты қосымша іс-қимылдар, атап айтқанда пациенттерді тарту қосылуы мүмкін.

## **2.2 Денсаулық сақтау мекемелерінің деңгейінде қол гигиенасын ілгерілетуге және енгізуге арналған негізгі қадамдар**

Нұсқаулық жүйелі бес қадамның айналасында құрылымданған, оларды мекеме деңгейінде іс-қимылдар жоспарында көрсету ұсынылады. Бұл тәсілдің мақсаты қол гигиенасын жақсарту бағдарламасы басынан бастап жасалуы тиіс мекеме болып табылады. Бұл ретте мультимодальды стратегияның әрбір компоненті инфекциялық бақылау және қауіпсіздік бағдарламаларына кірігуін қамтамасыз ету үшін қажет іс-қимылдар мен ресурстар сипатталуы тиіс<sup>2</sup>.

**1-қадам.** Объект дайындығы – іс-қимылға дайындық.

**2-қадам.** Базалық бағалау – ағымдағы жағдайды анықтау.

**3-қадам.** Іске асыру – жақсарту бойынша іс-шараларды енгізу.

**4-қадам.** Кейінгі бағалау - енгізу әсерін бағалау.

**5-қадам.** Іс-қимылды жоспарлау және шолу циклі – келесі (аз дегенде) 5 жылға арналған жоспар әзірлеу.

**1-қадам.** — мекеменің дайындығын қамтамасыз ету қол гигиенасы жөніндегі үйлестірушіні және үйлестірушінің орынбасарын қосқанда, бағдарламаға басшылық жасау үшін қажетті ресурстар мен негізгі нұсқаулықты

алудан тұрады. Бүкіл бағдарламаға нақты стратегияны белгілеу үшін тиісті жоспарлау жүргізілуі тиіс.

**2-қадам.** — қол гигиенасы практикасына, түсініктерге, білімге және қолда бар инфрақұрылымға базалық бағалау жүргізу.

**3-қадам.** — жақсарту бағдарламасын енгізу: көмек көрсететін жерде қолға арналған, құрамында спирті бар құралдың қолжетімділігі, сондай-ақ персоналды оқыту мен даярлаудың өмірлік маңызы зор. Басшылардың және жекелеген медицина қызметкерлерінің қолдауын және/немесе міндеттемелерге қол қоюын қамтитын кеңінен жарияланатын іс-шаралар үлкен оң нәтижелерге әкеледі.

**4-қадам.** – бағдарлама тиімділігін ары қарай бағалау.

**5-қадам.** — тұрақты іс-қимыл жоспарын және шолу циклін әзірлеу. Жалпы мақсат — қол гигиенасын ауруханалық қауіпсіздік мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде енгізу.

Циклдегі әрбір қадам алдыңғы қадамда орындалған іс-әрекеттер мен іс-шараларға негізделеді, ал стратегияда рөлдер мен міндеттер нақты белгіленеді. Қадамдар инфекциялық бақылау, қауіпсіздік және сапа саласындағы іске асырушылар мен басшылар үшін жұмыс ресурсы ретінде әзірленген ыңғайлы нұсқаулық түрінде пайдаланушыға ұсынылған. Бес қадам бойынша іс-әрекеттер нақты айтылған, ал оны іске асыруға көмектесетін құралдар нақты белгіленген. Әрбір қадамның соңында бақылау тізімі ұсынылады және іске асырушыларға келесі қадамға өтуден бұрын барлық ұсынылатын іс-шаралар орындалғанын растау туралы нұсқау беріледі. Енгізу стратегиясының негізгі элементі 1-қадамда құруға ұсынылатын іс-қимыл жоспары болып табылады, ол әрбір келесі қадамдағы іс-қимылға бағыт береді.

Сызықтық процеспен салыстырғанда бес қадам циклдік түрде орындалуы және де әр цикл кем дегенде 5 жыл ішінде қайталануы, жетілдірілуі және жақсаруы тиіс. Енгізу стратегиясының басты ерекшелігі бағалау болып табылады, бұл ДДҰ-ның мультимодальды стратегиясының 2-кезеңі мен 4-кезеңінің тұрақты белгісі болып саналады. Енгізу, бағалау және кері байланыс бойынша іс-шаралар тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін сапаны жақсарту іс-шараларының бір бөлігі ретінде мерзімді түрде жаңартылып тұруы және қайталануы тиіс. Стратегияны бірінші рет толық іске асырғаннан кейін іс-қимыл жоспары мен ұзақ мерзімді қадамдар жетістіктердің негізгі факторлары мен одан әрі жақсартуды қажет ететін салалар туралы алған сабақтарға негізделуі керек. Сондықтан таңдау кейбір нақты іс-шаралар және/немесе қадамдар пайдасына жасалуы мүмкін<sup>3</sup>.

**III тарау. Қол гигиенасын өзін-өзі бағалау жүйесінің және оны сақтауды ілгерілету бойынша шаралар қабылдаудың практикалық құралдары<sup>4</sup>**

### **3.1. Медициналық ұйымдарда қол гигиенасын өзін-өзі бағалау жүйесінің құралы**

Қол гигиенасын өзін-өзі бағалау жүйесі — бұл жекелеген медициналық мекемеде қол гигиенасын ілгерілетуге және қол гигиенасы практикасына жағдаяттық талдау жүргізуге мүмкіндік беретін жүйелі құрал.

#### **Оның мақсаты қандай?**

Қолданыстағы ресурстар мен жетістіктерді бағалауға мүмкіндік бере отырып, ол болашақ жоспарлар мен міндеттерге назар аударуға көмектеседі. Атап айтқанда, ол назар аударуды және жақсартуды қажет ететін негізгі мәселелерді анықтай отырып, диагностикалық құрал ретінде қолданылады. Нәтижелер мекемеде қол гигиенасын қолдау бағдарламасына арналған іс-қимыл жоспарын әзірлеуге көмектесу үшін пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар қол гигиенасын өзін-өзі бағалау құрылымын қайта пайдалану уақыт өте келе прогресті құжаттауға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, бұл құрал медициналық мекемеде қол гигиенасының кешенді бағдарламасын енгізу және қолдау катализаторына айналуы тиіс.

#### **Қол гигиенасын өзін-өзі бағалау схемасын кімнің қолданғаны дұрыс?**

Бұл құралды медициналық ұйымдағы қол гигиенасын жақсарту стратегиясын іске асыруға жауапты мамандар қолдануы тиіс. Егер стратегия іске асырылмаған болса, онда құралды инфекциялардың алдын алуға және оларды бақылауға жауапты мамандар немесе медициналық ұйым әкімшілігіндегі аға менеджерлер қолдана алады. Бұл құрылымды қол гигиенасын насихаттау, ілгерілету саласындағы кез келген прогресс деңгейіндегі медициналық мекемелер жаһандық қолдана алады.

#### **Ол қалай құрылымданған?**

Қол гигиенасының өзін-өзі бағалау жүйесі бес компонентке және 27 көрсеткішке бөлінеді. Бес компонент ДДҰ-ның қол гигиенасын жақсарту бойынша мультимодальды стратегиясының бес элементін көрсетеді. Қол гигиенасын жақсарту және көрсеткіштер әрбір компоненттің негізгі элементтерін көрсететіндей етіп таңдалды. Бұл көрсеткіштер іс жүзіндегі деректерге және сарапшылардың консенсусына негізделген және өзін-өзі бағалауды жеңілдету үшін белгілі бір жауаптар («Иә / Жоқ» немесе бірнеше нұсқалар) бар сұрақтар түрінде ресімделген. Бес компонент бойынша жиналған баллдардың негізінде мекемеге қол гигиенасын насихаттаудың төрт: төмен, базалық, орташа және жоғары деңгейлердің бірі беріледі.

**Төмен деңгей:** Қол гигиенасы практикасы мен оны насихаттау жеткіліксіз. Айтарлықтай жақсарту талап етіледі.

**Базалық үлгі:** кейбір шаралар қолданылған, бірақ олар қанағаттанарлық стандартқа сәйкес келмейді. Ары қарай жақсарту талап етіледі.

**Аралық, орташа деңгей:** қол гигиенасын ілгерілетудің тиісті стратегиясы әзірленді және қол гигиенасы әдістері жақсарды. Бұл кезде жақсарудың тұрақты әрі прогрессивті болуын қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді жоспарлар әзірлеу өте маңызды.

**Қосымша:** медициналық мекемеде қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға көмектесе отырып, қол гигиенасын насихаттау және оның оңтайлы әдістеріне қолдау көрсетіледі және/немесе жетілдіріледі.

Сондай-ақ зерттеулер, инновациялар және ақпарат алмасу арқылы қол гигиенасын ілгерілетуге үлес қосатын анықтамалық орталықтар деп саналатын мекемелерді тану үшін көшбасшылық өлшемшарттары анықталды. Көшбасшылық өлшемшарттарына сәйкес бағалауды тек жоғары деңгейге жеткен кәсіпорындар ғана жүргізуі тиіс.

### **Бұл қалай жұмыс істейді?**

Қол гигиенасын өзін-өзі бағалау жүйесінің әрбір компонентін орындау кезінде. Әрбір сұраққа өзіңіздің мекемеңізге сәйкес берілетін жауапты дөңгелектеу немесе астын сызу керек. Әр жауапқа баға беріледі. Компонентті аяқтағаннан кейін, осы компонент бойынша аралық қорытынды алу үшін таңдаған жауаптарыңыздың баллдарын қосыңыз. Интерпретациялау процесінде бұл аралық қорытындылар жалпы баллды есептеу үшін қосылады, бұл сіздің медициналық мекемедегі қол гигиенасының деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Ақпарат оңай қолжетімді болған жағдайда бағалау 30 минуттан аспауы тиіс.

### **Қол гигиенасын өзін-өзі бағалау жүйесі мекемелерді бір-бірімен салыстыруға лайықты ма?**

Денсаулық сақтау мекемелері немесе ұлттық органдар бұл құралды сырттай салыстыру немесе салыстырмалы талдау үшін пайдалану мүмкіндігін қарастыруы мүмкін. Алайда құралды әзірлеу кезінде негізгі мақсат бұл емес. Атап айтқанда, өзін-өзі бағалау құралын сыртқы бенчмаркинг үшін пайдалану тәуекелдеріне назар аудару маңызды, сондай-ақ әртүрлі элеуметтік-экономикалық жағдайлардағы түрлі көлемдегі және деңгейлердегі объектілерді салыстыру кезінде сақтықпен пайдалануға кеңес береміз. Мекемелер арасында салыстыруды жүргізу қажет болған кезде бұл шектеулерді ескерген жөн болар еді.

1, 2, 3-қосымшаларда ДДҰ нұсқаулығына бейімделген:

- 1) Медициналық ұйымдарда қол гигиенасын өзін-өзі бағалау жүйесінің құралы;
- 2) Қол гигиенасын өзін-өзі бағалау жүйесінің кезеңдері;
- 3) Медициналық ұйымдарда қол гигиенасын өзін-өзі бағалау шеңберінде көшбасшылық өлшемшарттары көрсетілген.

### **3.2 Қол гигиенасын жақсарту бойынша ДДҰ-ның мультимодальды стратегиясын енгізуге арналған іс-қимыл жоспарының жалпы шаблонуы<sup>5</sup>**

Медициналық мекемелердің өкілдеріне қол гигиенасын жақсарту бойынша ДДҰ-ның мультимодальды стратегиясын енгізуге арналған жергілікті іс-қимыл жоспарын дайындауға көмектесу үшін іс-қимыл жоспарының шаблону ұсынылады (4-қосымша).

Ол өте кең ауқымды, бірақ жергілікті проблемаларды ескермейді, сондықтан медициналық мекемелер оны жергілікті өз жағдайға бейімдеуі керек.

Шаблон ұсынылатын іс-әрекеттердің хронологиялық реттілігін көрсету үшін емес, ДДҰ-ның қол гигиенасын жақсартудың мультимодальды стратегиясын енгізу бойынша нұсқаулықтың II бөлігінде келтірілген толық жағдаятқа сәйкес, стратегияның әрбір компонентін енгізуді қамтамасыз ету үшін қажетті барлық іс-әрекеттерді көрсету үшін арналған. Нұсқаулықтың бұл бөлігінде қол гигиенасын жақсарту бойынша ДДҰ-ның мультимодальды стратегиясының әрбір компонентін енгізу үшін қолжетімді құралдарды пайдалану жөніндегі нұсқаулар мен нұсқаулықтар да енгізілген.

Шаблон мекемелер деңгейінде қол гигиенасы саласындағы прогресс бойынша іс-әрекеттердің: қол гигиенасы бағдарламасын іске қосу үшін жасалуы тиіс негізгі іс-әрекеттерден бастап, қол гигиенасын насихаттау өте жақсы дамыған мекемелерде көрсетілген түрлі іс-шараларға дейінгі іс-әрекеттердің кең спектрін қамтиды.

Шаблон рөлдер мен міндеттерді анықтауға, іс-әрекеттерді орындау үшін мерзімдерді және бюджеттік салдарларды белгілеуге, сондай-ақ прогресті қадағалауға да көмектеседі.

#### **IV тарау. Қорытынды**

Медициналық мекемеде қол гигиенасы практикасын және онымен байланысты түсінік пен білімді бағалау қол гигиенасын жақсарту стратегиясының маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Үздіксіз мониторинг енгізуге байланысты өзгерістерді өлшеу үшін және денсаулық сақтау қызметкерлерінің қол гигиенасы практикасын, түсінігі мен білімін жақсартуда араласу тиімділігін қамтамасыз ету үшін өте пайдалы.

Нұсқаулықта ДДҰ-ның қол гигиенасын жақсарту бойынша мультимодальды стратегиясы шеңберінде бағалау және кері байланыс құралдары ұсынылған.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Профилактика инфекций и инфекционный контроль: Методические рекомендации (Инфекциялардың алдын алу және инфекциялық бақылау: Әдістемелік ұсынымдар) /Есмагамбетова А.С., Зекенова А.Р., Смагул М.А., Нугманова Ж.С., Кулбаева Ж.А., Жарылкасынова А.Е., Касабекова Л.К., Нукенова Г.Т. // Астана: Комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан, 2023. - 320с.  
<https://hls.kz/wp-content/uploads/2023/08/IPC-manual-rus.pdf>
2. <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/books/NBK144032/?report=printable>
3. Руководство по внедрению мультимодальной стратегии ВОЗ по улучшению гигиены рук (ДДҰ-ның қол гигиенасын жақсарту бойынша мультимодальды стратегиясын енгізу жөніндегі нұсқаулық), 2009г.  
<https://www.who.int/publications/i/item/a-guide-to-the-implementation-of-the-who-multimodal-hand-hygiene-improvement-strategy>
4. WHO Hand Hygiene Self-Assessment Framework  
<https://www.who.int/teams/integrated-health-services/infection-prevention-control/hand-hygiene/monitoring-tools>
5. WHO Template Action Plan <https://www.who.int/teams/integrated-health-services/infection-prevention-control/hand-hygiene/monitoring-tools>

**Медициналық ұйымдарда қол гигиенасын өзін-өзі бағалау жүйесінің құралы**  
*(Hand Hygiene Self-Assessment Framework, 2010, ДДҰ)*

<b>1. Жүйенің атауы</b>			
<b>Сұрақ</b>	<b>Жауап</b>	<b>Шот</b>	<b>Факт</b>
<b>1.1.</b> Сіздің медициналық мекемеде қолға арналған спирт негізіндегі антисептиктердің қолжетімділігі қаншалықты оңай?  <b>Бір жауапты таңдаңыз</b>	Қолжетімді емес	0	
	Қолжетімді, бірақ тиімділігі <sup>1</sup> мен төзімділігі <sup>2</sup> дәлелденбеген	0	
	Тұрақты түрде жеткізбейтін (тиімділігі <sup>1</sup> және төзімділігі <sup>2</sup> дәлелденген) кейбір бөлімшелерде ғана қолжетімді	5	
	Үздіксіз жабдықталған (тиімділігі <sup>1</sup> және төзімділігі <sup>2</sup> дәлелденген) барлық мекемеде қолжетімді	10	
	Үздіксіз жабдықталған барлық мекемеде және көптеген бөлімшелерде, палаталарда (тиімділігі <sup>1</sup> және төзімділігі <sup>2</sup> дәлелденген) медициналық көмек <sup>3</sup> көрсету орнында қолжетімді	30	
	Әрбір медициналық көмек <sup>3</sup> көрсету пунктінде үздіксіз жабдықталған (тиімділігі <sup>1</sup> және төзімділігі <sup>2</sup> дәлелденген) барлық мекемеде қолжетімді	50	
<b>1.2.</b> Раковина: кереует арақатынасы қандай (төсек орында раковинаның бар-жоғы)? <b>Бір жауапты таңдаңыз</b>	1:10 кем, НҚА-мен салыстыру	0	
	Как минимум 1:10 в большинстве палат	5	
	Мекеме ауқымында кем дегенде 1:10 және қарқынды терапия бөлімшесінің изоляторлары мен палаталарында 1:1	10	
<b>1.3.</b> Таза ағынды судың үздіксіз берілуінің бар-жоғы <sup>4</sup> ?	жоқ	0	

<b>Бір жауапты таңдаңыз</b>	иә	10	
<b>1.4. Әр раковинада сабын<sup>5</sup> бар ма?</b>	жоқ	0	
<b>Бір жауапты таңдаңыз</b>	иә	10	
<b>1.5. Әр раковинада бір рет қолданылатын сүлгілер бар ма?</b>	жоқ	0	
<b>Бір жауапты таңдаңыз</b>	иә	10	
<b>1.6. Қол гигиенасы құралдарын (мысалы, антисептиктер, сабындар, бір рет қолданылатын сүлгілер) үздіксіз сатып алу үшін бөлінген / қолжетімді бюджет бар ма?</b>	жоқ	0	
<b>Бір жауапты таңдаңыз</b>	иә	10	

Қосымша сұрақ: Іс-қимыл жоспары.

<b>Егер сіз 1.1–1.6 сұрақтарына 100-ден аз балл жинасаңыз ҒАНА осы сұраққа жауап беріңіз:</b> Сіздің медициналық мекемеде инфрақұрылымды <sup>6</sup> жақсарту жөнінде нақты жоспар бар ма?	жоқ	0	
	иә	5	
<b>Жүйе өзгеруінің аралық нәтижесі:</b>		<b>100</b>	

**1. Тиімділік:** Қолды сүрту үшін қолданылатын спирт негізіндегі құралдар қолға арналған антисептиктер үшін микробқа қарсы тиімділіктің мойындалған стандарттарына сәйкес келуі тиіс. Қолға арналған микробқа қарсы тиімділігі оңтайлы спирт негізіндегі антисептиктерде, әдетте, 75-85% этанол, изопропанол немесе н-пропанол немесе осы өнімдердің комбинациясы болады. ДДҰ ұсынатын препараттарда не 75% изопропанол не 80% этанол болады.

**2. Терінің төзімділігі:** клиникалық жағдайда қолданылған кезде медицина қызметкерлерінің

**3. Медициналық көмек көрсету пункті:** үш элемент біріктірілетін орын: пациент, медицина қызметкері және пациентпен немесе оның айналасындағылармен (пациенттер үшін аймақ шегінде) байланыста болуды қамтитын күтім/емдеу. Медициналық көмек көрсету пунктіндегі өнімдер пациентке қызмет көрсету аймағынан кетпей (ең дұрысы медицина қызметкерінен қолы созылған қашықтықта немесе 2 метр шегінде) қолжетімді болуы тиіс.

**4. Таза ағынды су:** микробтық және химиялық ластануға қатысты қауіпсіздік

**5. Сабын:** Құрамында микробқа қарсы агенттер болмайтын немесе тек консервант ретінде болуы мүмкін жуғыш заттар негізіндегі өнімдер.

**6. "Инфрақұрылым "** – мұнда кәсіпорында оңтайлы қол гигиенасын қамтамасыз ету үшін

терісі қолды сүртуге арналған спирт негізіндегі құралға төзімді келеді (яғни, теріге зиян келтірмейді немесе теріні тітіркендірмейді), бұл сенімді деректермен расталады.

стандарттарына сәйкес келетін орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен жабдықтау.

қажет үй-жайлар, жабдықтар және өнімдер туралы айтылады. Атап айтқанда, бұл 1.1-1.5 сұрақтарына енгізілген және ДДҰ-ның Денсаулық сақтау саласындағы қол гигиенасы жөніндегі нұсқаулығында, 2009, I бөлім, 23.5 тарауда егжей-тегжейлі сипатталған көрсеткіштерге қатысты (мысалы, барлық күтім жасау пункттерінде қол жууға арналған спирт негізіндегі құралдардың болуы, тұрақты түрде таза ағынды судың қоры және "төсек" арақатынасында раковина кем дегенде 1:10 болуы, әр раковинада сабын және бір рет қолданылатын сүлгілердің болуы).

<b>2. Оқу және білім</b>			
<b>Сұрақ</b>	<b>Жауап</b>	<b>Шот</b>	<b>Факт</b>
<b>2.1. Сіздің мекемеде медицина қызметкерлерін оқытуға қатысты:</b>			
<b>2.1.a.</b> Сіздің мекемеде медицина қызметкерлері қол гигиенасы <sup>7</sup> бойынша оқудан қаншалықты жиі өтеді?	Ешқашан	0	
	Болмағанда бір рет	5	
	Медицина және мейіргер персоналын немесе барлық кәсіптік санаттарды тұрақты түрде оқыту (жылына бір реттен сиретпей)	10	
	Барлық кәсіптік санаттар үшін жұмыс басталғанда міндетті түрде оқыту, содан кейін тұрақты түрде үнемі оқыту (жылына бір реттен сиретпей)	20	
<b>2.1.b.</b> Барлық медицина қызметкерлерінің осы оқудан өткенін растайтын процесс бар ма?	жоқ	0	
	иә	20	
<b>2.2. ДДҰ-ның келесі құжаттарына қолжетімділік оңай ма (<a href="https://www.who.int/teams/integrated-health-services/infection-prevention-control/hand-hygiene/implementation-tools">https://www.who.int/teams/integrated-health-services/infection-prevention-control/hand-hygiene/implementation-tools</a> қолжетімді) немесе барлық медицина қызметкерлері үшін ұлттық</b>			

<b>бейімделу ұқсас па?</b>			
<b>2.2.a.</b> "ДДҰ-ның денсаулық сақтау саласындағы қол гигиенасы жөніндегі нұсқаулықтары: қысқаша мазмұны" қолда бар ма?	жоқ	0	
	иә	5	
<b>2.2.b.</b> "ДДҰ-ның қол гигиенасы жөніндегі техникалық анықтамалық нұсқаулығы" ше?	жоқ	0	
	иә	5	
<b>2.2.c.</b> ДДҰ-ның: "Қол гигиенасы: неге, қалай және қашан" брошюрасы ше?	жоқ	0	
	иә	5	
<b>2.2.d.</b> ДДҰ-ның "Қолғапты пайдалану туралы ақпарат" брошюрасы ше?	жоқ	0	
	иә	5	
<b>2.3.</b> Медициналық ұйымның білім беру бағдарламасына сәйкес оқытылған персонал, тиісті дағдылары бар кәсіпқой <sup>8</sup> , қол гигиенасы бойынша нұсқаушы бар ма?	жоқ	0	
	иә	15	
<b>2.4.</b> Қол гигиенасын оқыту және сақтауды растау жүйесі, бақылаушылар бар ма?	жоқ	0	
	иә	15	
<b>2.5.</b> Қол гигиенасы бойынша оқытуға мүмкіндік беретін арнайы бюджет бар ма?	жоқ	0	
	иә	10	
<b>Оқыту бойынша қорытынды</b>		<b>100</b>	

**7. Қол гигиенасын оқыту:** Бұл тренинг әртүрлі әдістерді қолдану арқылы жүргізілуі мүмкін, бірақ берілетін ақпарат ДДҰ-ның қол гигиенасын жақсартудың мультимодальды стратегиясына немесе ұқсас материалдарға негізделуі тиіс.

Тренинг мыналарды қамтуы керек:

- Медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялардың (МКБИ) анықтамасы, әсері және ауыртпалығы
- Медициналық көмек көрсетумен байланысты патогендердің берілуінің негізгі схемалары
- НСАІ профилактикасы және қол гигиенасының маңызды рөлі
- Қол гигиенасының көрсеткіштері (ДДҰ-ның "Қол гигиенасына арналған 5 сәтім"

**8. Тиісті дағдылары бар кәсіпқой:**

